

CALIFORNIA QAZAQ COMMUNITY

GAZETTE



Issue #7 August 31, 2022

ТАМЫЗ - АБАЙ АЙЫ

By Asselya Abildayeva

Калифорнияда қазақ қауымы тамыз айы қазақ халқының ұлы ойшылы, философы, ақыны Абай айымен аталып өтті.



Осыған орай, қазақ орталығы аясындағы оқу орталығында Хәкім Абайға арнайы ашық сабақ өтті.

Абай қазақ поэзиясының өсіп, гулденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етті. Ақын жас ұрпаққа терең ойға толы, алуан өлеңдер үлгісін қалдырды. Абай мұралары – адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттылықтың Абай казынасы. Орталықтың оқушыларымен шығармашылығын жинақтау, жүйелеу мақсатындағы сайыс ұйымдастырдық. Балдарды топтарға бөліп, ұстаздың сұрақтарына жауып берді.

Ақылды да зерделі балалар келесі сұрақтарға белсенді жауап берді;

- 1. Абайдың ең момын, жуас атасы (Айдос)
- 2. Абайдың руы. (Тобықты)
- 3. Абайдың неше күйі бар? («Май түні», «Желдірме», «Торжорға»)
 - 4. Абайдың атақты әншісі.(Әлмағанбет)
- 5. «Медғат Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазған? (Мағауия)
- 6. Табиғат лирикасының ішіндегі ең алғашқы жазылған өлеңі.(«Жаз», 1886 ж.)
 - 7. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Қарқаралы)
- 8. Абайдың талантты скрипкашысы кім болған? (Мұқа)
- 9. Абайдың «қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» атты өлеңі кімге арналған? (Тәкежанның әйелі Қаражанға)
- 10. Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)
- 11. Абайдың «Ей сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!...» деген тарихи сөзі қандай оқиғаға байланысты айтылған? (Мағауияның өлімі)
- 12. Абай ел билеу ісіне неше жасынан бастап араласты? (13 жасынан)
- 13. Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болған жылы. (1895 ж.)
 - 14. Абайдың орыс досы. (Михаэлис)

Ашық сабақ қорытындысы бойынша балалар сыйлықтар мен алғыстармен ынталандырылды.

August - Abay's month

California Qazaq Community celebrated August with the month of Abay, the great thinker, philosopher, and poet of the Kazakh people. On this occasion, a special event was held for Hakim Abay at the educational center within the California Qazaq Community.

Abay contributed a lot for making Kazakh poetry grow, flourish and reach a new quality. The poet left a sample of poems full of deep thoughts to the young generation. Abai's heritage is a precious treasure of morality, faith, and high common sense. We organized a competition with the students of the center to collect and systematize Abay's heritage. The children were divided into groups and asked the teacher's questions.

Smart and intelligent children actively answered the following questions;

- 1. Abai's frugal, gentle grandfather (Aidos)
- 2. Clan of Abai. (Tobykty)
- 3. On whose behalf his first songs were came out? ("May night", "Zeldirme", "Torzhorga")
- 4. Abai's famous singer. (Almaganbet)
- 5. Which son of Abai wrote the poem "Medgat Kasym"? (Mawiyah)
- 6. The first written poem among nature lyrics ("Summer", 1886)
- 7. Where did Kunanbai build a mosque? (Karkarali)
- 8. Who was Abai's talented violinist? (Muqa)
- 9. Who is Abay's poem "November, December and those one two months" dedicated to? (To Karazhan, Takezhan's wife)
- 10. In whose name did Abai's first poems appear? (Kokbay)
- 11. Abay's historical words "O sad age, what hatred have you spared from me... Is there any poison that I did not drink!..." was related to what event? (Death of Magawiya)
- 12. At what age did Abai get involved in the affairs of ruling the country? (from the age of 13)
- 13. The year of the death of Abai's son Abdirahman. (1895)
- 14. Abai's Russian friend. (Michaelis)

At the end of the educational event, the children were encouraged with gifts and thanks.

2 GAZETTE

Ұлт

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 10 тамыз 1845 жылы, Абай облысында дүниеге келген. Абай ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушысы, философ, сазгер, аудармашы, саяси қайраткер, либералды көзқарасын исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен.

Хәкім Шығыс пен Батыс мәдениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактат стилінде жазылған «Қара сөздері» — тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Құнанбай өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Анасы Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Йузи-рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси, Сәйхали». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 — 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем эдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері.

Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында сарытөңкерісшіл орыстын демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиеттің — сезім мен қыйсынның , түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да: «Акыл сенбей сенбеніз, Бір іске кез келсеніз» деп жазады.

The Nation



Abay Kunanbaev was born on 10 August 1845. His place of birth is the bottom of the Chingiz Mountain in the today's Abai district. He was a well-known Kazakh poet, a teacher, educator, the founder of written Kazakh literature, the Kazakh literary language, philosopher, musician, translator, political figure,

a reformer who aimed to renew Kazakh culture by approaching Russian and European culture, relying on Islam for his liberal views. In his poetic works, Abai focused on the social, public, and moral problems of the Kazakh people.

Abai started writing poems at the age of 10 ("Who came to chase the camel..."). In addition, his earlier poems are "Yuzi-raushan", the second is "Fizuli, Shamsi, Saikhali". Poems "Line, line, happiness", "Sharipke", "Abralyga", "Goodness", "Ken Zhylau" were written in 1870-80 years. His great work, which showed his poetic power, was "Kansonard" in 1882. However, only after reaching the age of forty, he became seriously interested in fiction, developed his attitude, and understood the influence of the art of speech on the people's consciousness. His works unfold in three systems: one is his original poems; the second is his prose called ghakliya (or Abai's «Kara Sozder»); the third - poems translated from other languages, especially from Russian.

The heritage he left his nation is rich in songs and poems, translations and prose. His translations of the poetry written by Russian writers and poets such as Pushkin, Lermontov, and Krylov became the national patrimony of Kazakhstan. He translated the works of Schiller, Goethe, and Byron into Kazakh language.

«Kara Sozder» [Book of Words] (prose) created by the great thinker constitute an ethnic philosophical work. This creation of his is an exploration of Kazakh national life in the second half of the 19th century. He influenced social affairs in the country where he lived.

He also participated in the governing of the country and played a certain role in trying to solve complicated problems justly.

The name of Abai is known worldwide just as Shakespeare, Goethe, and Pushkin are well-known in many countries, because his great words became a spiritual patrimony of not only one nation, but of the entire humankind.

Abay's main contribution to Kazakh culture and folklore lies in his poetry, which expresses great nationalism and grew out of Kazakh folk culture. Before him, most Kazakh poetry was oral, echoing the nomadic habits of the people of the Kazakh steppes.

GAZETTE 3

Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы — жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге қасиеттік деп саналатын- арман-аңсардың (идеал) да біртұтастығына айғақ. Олай болса Абай сынының тэлкегіне тускен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген әлеуметтік коғамдағы саяси қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бабаларымыздың бойынан бұрынғы көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-элеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дуниежузі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген.

Ақпарат ашық дереккқздерден алынған

During Abay's lifetime, however, a number of important socio-political and socio-economic changes occurred. Russian influence continued to grow in Kazakhstan, resulting in greater educational possibilities as well as exposure to a number of different philosophies, whether Russian, Western or Asian. Abay Qunanbayuli steeped himself in the cultural and philosophical history of these newly opened geographies. In this sense, Abay's creative poetry affected the philosophical thinking of educated Kazakhs.

Moreover, he occupies a prominent place in our national history and literature. The great thinker laid the foundations of Kazakh national written literature. Abai's name stands alongside Shakespeare, Pushkin and Goethe in the literature of the world's peoples. The rich literary heritage of the poet is considered a spiritual treasure not only of one people, but of the whole humanity. In Kazakhstan, the name of the great Abay is given to many settlements and streets, to the Almaty National University, to the State Academic Opera and Ballet Theater in Almaty.

GAZETTE 4

Салт

Қазақ ұлттық асханасының ұмытылып бара жатқан 6 тағамы

Culture

6 forgotten dishes of Kazakh national cuisine



БАС ҚАРЫН

Бұл ерекше қонақтарға арналған. Мұны кәдімгі асылған ет тамақтың орнына да ұсынуға болады екен. Қой етінен дайыналады. Атауы да тамақтың құрамына байланысты қойылған. Еті мен қарыны өз майына бірнеше сағат қайнатылып дайындалады. Оның ішінде пияз, болгар бұрышын, картоп қосуға болады.

BAS KARYN

This is for special guests. It can be served instead of the usual meat (Beshparmak). It is prepared from lamb. The name is given due to the composition of the food. Meat and belly are cooked in their own fat for several hours. You can add onion, bell pepper, potatoes..



ҮЛПЕРШЕК

Бұл өте ерекше тағам, бұған тіпті кім көрінген тапсырыс бере алмаған. Аттың жүрегі пісіп болғаннан кейін де өте қатты болады екен. Сол себепті ол аздап жұмсару үшін, қанын сығып алып, бірнеше жерден кесіп, тұздап ұн салынған қапшыққа салып қояды. Ол бір ай уақыт салқын жерде сақталу керек.

ULPERSHEK

This is a very special dish, and was not available for many people. A horse's heart is very strong even after cooking. Therefore, in order to soften it a little, he squeezes out the blood, cuts it in several places, and puts it in a bag filled with salt and flour. It should be stored in a cool place for a month.



БАЛ-ҚУЫРДАҚ

Барлығы қуырдақ тек үйде мал сойылған кезде, ет, ішек-қарын араластырып дайындалатын тамақ ғана деп біледі. Ал бұл бал-қуырдақтың дайындалу тәсілі басқашалау. Қатық араластырып қой етінен жасалатын қуырдақтың дәмі тіптен тәтті.

KUYRDAK

Everyone knows that kuyrdak is only a food prepared by mixing meat and intestines when slaughtering animals at home. And the method of preparation of this honey-fry is different. The taste of lamb stew mixed with sour cream is very delicious.



ЖАППА

Жаппа – бұл да қуырдақ. Бірақ оған пияз, болгар бұрышы секілді көкөністерді қосады. Ыстық тамақ дайын болған соң, үстіне жұқа иленген нан жабады. Оның пісуіне 5 минуттай уақыт керек. Осылайша ет пен қамыр бірігіп кетеді. Бұл тамақты Орталық Қазақстан қазақтары ойлап тапқан деген ақпарат бар.

ZHAPPA

It is also fried meat (Kuyrdak), but vegetables such as onion and bell pepper are added to it. After the hot food is ready, it is covered with thinly kneaded bread. It takes about 5 minutes to cook. In this way, the meat and the dough come together. There is information that this food was invented by the Kazakhs of Central Kazakhstan



ЖОҢҚА

Куырдақтың тағы бір түрі – жоңқа. Мұны кезкелген еттен дайындауға болады. Ең бастысы – оны дайындау алдында жақсылап мұздату керек. Керек кезінде етті жақсылап сүріп, тілімдеп кесіп, қуыру керек. Бұдан кейін еттің дәмі таңдай қақтырарлықтай болады. Тамақтың келбетінің өзі ерекше көрініс береді.

ZHONKA

Another type of Kuyrdak can be prepared from any meat. The main thing is to freeze it well before cooking. When necessary, the meat should be rubbed well, cut into slices and fried. After that, the taste of the meat will be amazing. The appearance of the food itself gives a special appearance.



КӨМБЕ

Тағамның бұл түрі көмірдің шоғына көміліп жасалады. Үлкен даладағы ошаққа от жағып, онда қойдың сирақтарын іліп қояды. Шамамен екі сағаттан соң тамақ та дайын болады. Мұны қазақтар әсіресе көшпенділік заман кезінде жиі қолданыпты. Өздері үшін ғана емес, алыста келе жатқан, адасып кеткен адамдар үшін де солай жол бойында дайындап кететін болған.

KOMBE

This type of food is made by burying it in coals. They light a fire in the hearth in the big field and hang the legs of the sheep on it. After about two hours, the food will be ready. Kazakhs often used it, especially during the nomadic era. Not only for themselves, but also for people who were traveling far away and lost their way.